

**«8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Атем  
Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Автордың ұсынып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы қоғамда өте өзекті болып отырған орта білім беру сапасын арттыру мәселесіне арналған. Бұғінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтартылған маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек үрпаққа қандай білім беретін туралы мәселе қайта қаралуда. Осы тұста зерттеу жұмысының өзектілігі айқын көрініс табады. Зерттеу жұмысы жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабактастық сақталған 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты» және т.б. заңнамалары мен мемлекеттік бағдарламаларына негізделген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық-практикалық маңыздылығы барынша толық қамтылған. Осыған орай диссертациялық жұмыс төмендегідей жаңашылдығымен ғылымға елеулі үлес қосады деп есептеймін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– мектептің ішкі резервтерін жүйелі ұйымдастыру арқылы орта білім беру сапасын арттыру үдерісі теориялық тұрғыда талданған;</li> <li>– жалпы орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырлары, механизмдері анықталып, сапа құраушылары шетелдік тәжірибелерге жасалған салыстырмалы талдаулар арқылы айқындалған;</li> <li>– мектептегі орта білім беру сапасын арттыруға әсер ететін ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктерінің практикалық тиімділігі анықталған;</li> <li>– орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп құрастырылған;</li> </ul>

			<p>– педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын және басқару сапасын арттыру мазмұнын сипаттайтын «Орта білім беру сапасын арттырудығы үштік» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалып, баспадан шыққан.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>М.Н. Атемнің докторлық диссертациясын жазу барысында жүргізген зерттеу жұмысының деңгейін жоғары деп есептеймін. Ізденушінің қорғауға ұсынылған тұжырымдарын негізге ала отырып, зерттеу мен талдау жасау үлгісінен автордың өзіндік жазу деңгейі мен стилін көруге болады. Диссертант ұсынған әрбір нәтижелер мен тұжырымдардың жекелеген ерекшеліктері мен олардың жаңашылдығын ерекше атап өткім келеді. Сондай-ақ, автор ғылыми жетекшісімен үздіксіз жұмыс жасап және кең қолемді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның оң нәтижелерін жұмыста тиімді қолдана білген. Жұмыс аяқталған, өзіндік ғылыми қорытындысы бар, дәйекті тұжырымдалған, дербес орындалған жұмыс болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығы жан-жақты айқындалып, негізделген. Бүгінгі таңда еліміздің орта білім беру жүйесі күрделі мәселелермен айышықталып, сапасы сын көтермей тұрғаны жасырын емес. Білім беру жүйесіндегі барлық мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалар білім сапасын арттыруды қөздейді. Қоғамның дамуымен тығыз байланысты болып табылатын білім беру үдерісі әрдайым жаңалықтар мен инновациялық өзгерістерді талап етеді. Білім сапасын арттыруға қатысты жаңа көзқарастағы ғылыми негізделген, тәжірибелік тұрғыда зерттеліп, дәлелденген зерттеу жұмысының өзектілігін жоғары бағалаймын.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқынрайтын айқындауды	<p>Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындауды. Әрбір тарау ғылымилығымен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Диссертацияның бірінші тарауында автор орта білім беру сапасын арттыру мәселесінің ғылыми әдебиеттердегі зерделенуін талдаған. Негізгі анықтамаларға, яғни «білім беру сапасы» және «орта білім беру сапасы» ұғымдарына өзіндік анықтама беруге ұмтылған. Орта білім беру сапасының отандық және шетелдік тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жасаған және әдіснамалық тұғырларын анықтаған. Екінші тарауда орта білім беру сапасының құраушыларын жіктең, орта білім беру сапасын арттырудығы ішкі</p>

		<p>резервтердің мүмкіндіктерін ашып көрсеткен. Сонымен қатар, құрылымдық-үдерістік модель құрастырған. Үшінші тарауда орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасын ұсынып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылуы мен барысын, оның нәтижелерін баяндаған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Ізденуші алдына бес міндет кояды. Зерттеу жұмысының бірінші міндеті бойынша орта білім беру сапасын арттыру мәселесін теориялық тұрғыда талдап көрсетеді. Диссертацияда қойылған екінші міндеті бойынша отандық және шетелдік тәжірибелерді зерттеу арқылы орта білім беру сапасын арттырудың әдіснамалық тұғырларын, механизмдерін және сапа құраушыларын айқындауға тырысты. Зерттеудің үшінші міндетіне сәйкес ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктерін айқындаиды. Төртінші міндеті бойынша орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-үдерістік моделін құрастырған. Жұмыстың бесінші міндеті бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында орта білім беру сапасын арттырудың бағдарламасын сынақтан өткізіп, сандық және сапалық зерттеу нәтижелері негізінде әдістемелік ұсыныстар әзірлеген. Осылайша, автор зерттеу мақсатына жету үшін міндеттерін логикалық турде құрастырып, корытынды тұжырымдарын ұсынған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Ізденушінің ғылыми жұмысы толық аяқталған диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, тоғыз параграфтан, корытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Автор өз зерттеуінің тарауларын бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір жүйемен үйлесімді құра білген. Эр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікті баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. М.Н. Атемнің диссертациялық жұмысы құрылымдық жағынан толық аяқталған теориялық және қолданбалық маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалауға болады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер мен сынни талдаулар бар. Ізденуші орта білім беру сапасын арттыру мәселесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың енбектеріне талдау жасай келе, өзіндік корытындылар жасаған. Сыни талдаудың нәтижесінде орта білім беру сапасының құраушыларын талдап көрсетті. Сондай-ақ, алғаш рет ғылыми тұрғыда ішкі резервтердің педагогикалық мүмкіндіктерін айқындаап берді.</p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерттеулердегі негізгі категориялардың құрылымы мен мазмұндық сипаттының түзілуі объективті тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диссертацияның нәтижесі зерттеу саласында бар білімдердің бірқайталық және орта білім беру сапасын теориялық тұрғыда түсінудің жоғары деңгейіне жетуге, оны арттырудың жалпы ұстанымдары мен шарттарын анықтауга, орта білім беру сапасын арттыруда ішкі резервтерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші ғылыми қорытындыларын жүйелі зерттеудің және экспериментке қатысушылардың эксперимент туралы жазған мақалаларына жасалған контент-анализдің нәтижесіне сүйене отырып тұжырымдайды. Сонымен қатар, ізденуші зерттеу нәтижесі бойынша бірнеше өзіндік ұсыныстар жасаган.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденушінің ұсынып отырган зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа ері негізделген. Ізденуші зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін қолданған. Сонымен бірге зерттеу қорытындыларын дәйекті ету максатында сандық және сапалық әдістерді ұтымды пайдалана білген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертанттың диссертациясында ұсынған барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда ауқымды шетелдік және отандық зерттеушілердің дәлелдемелеріне және эмпирикалық зерттеу барысында алғынған нәтижелерге негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбейді;	7.1 Диссертациялық жұмыста берілген қағидаттар зерттеу нәтижелері арқылы негізделіп, тұжырымдалған. Сол себепті корғауға ұсынылып отырган қағидаттар дәлелденген болып табылады. 7.2 Корғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады, сол себепті травиалды емес. 7.3 Диссидентттың зерттеу жұмысының қорытындылары толығымен

	<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <u>жок</u></li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия;</u></li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <u>кен</u></li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия;</u></li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>жаңа: отандық және шетелдік әдібиеттерге жасалған ғылыми талдауға сүйене отырып зерттеу мәселесінің негізгі ұғымдарына өзіндік анықтама ұсынған; білім беру сапасының рейтингін анықтайтын халықаралық зерттеулерге салыстырмалы талдау жасап, отандық және шетелдік орта білім беру жүйелерін талдаған; орта білім беру сапасының жүйе құраушыларының маңызын нақтыладап, орта білім беру сапасын арттыруда жүйе құраушыларының әр қайсысы сапалы болу керектігі туралы тұжырым жасалған; орта білім беру сапасын арттыру мақсатында құрылымдық-ұйымдастырушылық, мазмұндық-удерістік, әдістемелік-рефлексивтік блоктардан тұратын құрылымдық-удерістік моделін құрастырып, ұсынған; эксперимент бағдарламасы бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін қорытындылап, әдістемелік ұсыныстар әзірлеген. «Орта білім беру сапасын арттырудығы үштік (триада)» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалап, баспадан шығарған. Авторлық қуәлікпен растиған.</p> <p>7.4 Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кен.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттар мен нәтижелері ҚР ФЖБМ БФСБК бекіткен ғылыми журналдарда және халықаралық және отандық ғылыми конференциялар жинағында қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрген. Сонымен қатар Scopus мәліметтер базасына енген European Journal of Contemporary Education журналында 1 макала (78 процентиль) жарық көрген. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағында, студенттерге, магистранттарға және оқытушыларға арналған «Theories and concepts of comparative education: domestic and foreign experience» оқу құралында және «Орта білім беру сапасын арттырудығы үштік (триада)» атты оқу-әдістемелік құралда жарияланған.</p>	
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>ия;</u></li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысындағы әдістеменің таңдалуы мен қолданылуы негізделген. Отандық және шетелдік орта білім беру жүйесін талдау мақсатында салыстырмалы талдау әдістері, контен-анализ әдістері жүргізілген. Педагог кадрлардың экспериментке қатысуға даярлығын анықтау мақсатында сауалнама әдісі пайдаланылған. Оқушылардың білім сапасын анықтау мен салыстыру мақсатында математикалық әдістер қолданылған.</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешу үшін диссертант теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенін қолданған. Олар зерттеу мәселесі бойынша контент-анализ, теориялық педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері – жалпылау, салыстыру, абстрагтілеу және т.б., математикалық статистикалық әдістер, эксперименталды педагогикалық зерттеудің жалпы әдістері (бақылау, сауалнама, анкета, тестілеу, эксперttік бағалау және т.б.), орта білім беру сапасын арттырудың құрылымдық-ұдерістік моделін эксперименталды зерттеу әдістері.	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Диссертацияда келтірілген барлық қорытындылар эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Эмпирикалық база ретінде 2018-2019 оку жылында Түркістан облысының Төлеби, Ордабасы аудандарында орналасқан 18 мектеп, 1554 окушы, 138 мұғалім және 2019-2020 оку жылында Түркістан облысының Төлеби, Ордабасы, Сайрам және Отырар аудандарында орналасқан 43 мектеп, 3171 окушы, 385 мұғалім қамтылған.	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.	
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Диссертациялық зерттеу барысында айқындалған тұжырымдар мен қағидаларды еліміздің орта білім беру сапасын арттыру мақсатында жалпы орта мектептегі педагог кадрлардың теориялық білімін жетілдіру құралы ретінде пайдалану олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, жоғары оку орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау мақсатында оқытылатын пәндердің мазмұнын жетілдіру мен толықтыруда зерттеудің теориялық ақпараттарының құндылығы жоғары.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ</p>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін орта білім беру үдерісін ұйымдастыруды, орта білім беру сапасын арттыруға қатысты заннамалық құжаттар даярлауда пайдалануға болады.

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және ғылыми тұрғыда негізделген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>М.Н. Атемнің зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасын жоғары бағалаймын. Диссертация ғылыми тілде талаптарға сай жазылған. Автордың өзіндік жазу стилі бар. Жұмыстың мәтіні логикалық бірізділікте құрастырылған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған.</p>

Зерттеу жұмысы жағымды пікір қалыптастырады. Зерттеу тақырыбының аясында үлкен еңбек жасалған және автордың мәліметтерді талдаудағы аналитикалық ойлауы жоғары деңгейде. Сонымен қатар, жұмыстың келесідей жекелеген кем тұстары мен ескертулерді атап өтөр едім:

1. Эксперимент сонында экспериментке қатысушылардан қорытынды сауалнама алып, нәтижесін ұсынса, эксперимент қорытындысы нақтырақ болар еді;

2. Орта білім беру сапасын тоқсандық бағалау арқылы ғана анықтау жеткіліксіз. Сондай-ақ, орта білім беру сапасын бағалау критерийлері мен өлшемдерін құрастыру қажет деп ойлаймын.

Дегенмен, бұл кемшіліктер зерттеу жұмысының мазмұнына және өзектілігіне нұқсан келтірмейді. Сол себепті, М.Н. Атемнің «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациясының мазмұны және рәсімделуі ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы Атем Маржан Нурланқызы «8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Қазақ спорт және туризм академиясы, «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты**

**Қ.Ә. Ибрагим**

